ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы

«Қамқоршылық кеңестің» кезекті отырысының

№3 хаттамасы

Өтілген күні:08.01.2026жыл.
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау.
2. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде балабақша асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төраймы Естемесова Н.балабақшадағы тамақтану процесін қоғамдық негізде бақылайтын маңызды орган екенін айтты. Кеңес ас блогындағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, жеткізілетін азық-түлік сапасын тексеріп, әзірленетін тағамдардың мәзірі мен калориялық құндылығына тұрақты мониторинг жүргізілгені айтылды.
Қамқоршылық кеңестің тамақтану сапасын ұйымдастыру барысындағы атқаратын негізгі іс-әрекеттері:

- Азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігі: Келіп түсетін өнімдердің сапа сертификаттарының болуын және сақталу мерзімін тексеруі;
- Бракераж комиссиясының жұмысына қатысу: Дайын тағамның дәмін татып, оның дайындалу технологиясына (санитариялық нормаларға сәйкестігіне) бақылау жасауы;
- Асхана гигиенасы: Ас блогының, ыдыс-аяқ жуу және тамақ тарату орындарының тазалығын қадағалауы;
- Тамақтану мәзірі: Мәзірдің балалардың жасына сай болуын, рационда көкөністер мен жемістердің, сүт және ет өнімдерінің талапқа сай ұсынылуын бақылауы.

Кеңес мүшелері өз жұмыстарында бекітілген іс-шара жоспарына сүйенді. Тексерулер мен қорытындылар арнайы құжаттарда тіркеліп, балабақша әкімшілігімен бірлесе отырып талқыланды.

Шешім:

1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау қорытындысы таныстырылсын.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшесі Н.Бектурганова Қамқоршылық кеңесінің Бракераждық комиссиямен бірлесіп балабақша асханасындағы тағам сапасын тексеруі — балалардың денсаулығын бақылаудағы маңызды қадам екенін айтты. Бұл тексеру жұмыс жоспарына сай жүйелі түрде Қамқоршылық кеңесінің жоспарына сәйкес арнайы құрылған комиссия арқылы жүргізілгенін айтты.
Тексеру процесі кезінде мынадай негізгі талаптар сақталды:

- Тексеру тобына медицина қызметкері, балабақша әкімшілігі, асханаға жауапты мамандары және Қамқоршылық кеңесінің өкілдері кірді.
- Дайын тағамның дәмі, түсі, иісі және консистенциясы тексерілді. Сонымен қатар, тағамдардың санитарлық талаптарға сай дайындалуы мен порция көлемі бақыланды.
- Пісірілген тағамнан бөлек, ас үстеліндегі, қоймадағы шикізаттардың сапасы мен жарамдылық мерзімі қадағаланды.
- Тексеріс қорытындысы бойынша арнайы бракераждық журналға бағалау нәтижелері мен пікірлер тіркелді.

Шешім:

1. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде балабақша асханасының тағамдарының сапасын тексеру есебі берілсін.

Төраға Естемесова Н.